

«Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары»

- Жұмыспен қамту және жұмыссыздық¹⁾

Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Шығарылған күні: 11.11.2022 жыл

Келесі шығарылым күні: 13.02.2023 жыл

[1. Негізгі ойлар](#)

[2. Еңбек нарығындағы жағдай](#)

[3. Еңбек нарығы көрсеткіштерінің динамикасы](#)

[4. Глоссарий](#)

[5. Әдістемелік түсініктемелер](#)

[6. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер](#)

[7. Пайдалы сілтемелер](#)

[1. Негізгі ойлар](#)

2022 жылдың III тоқсанында жұмыспен қамту деңгейі 15 жастан үлкен жастағы халық санына шаққанда 65,5%, жұмыс күшінің санына шаққанда – 95,1% құрады. Жұмыссыздық деңгейі (Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша) 2022 жылдың III тоқсанында тұрақты болып қалды және 4,9% құрады. Жұмыссыздар саны (ХЕҰ әдістемесі бойынша) 459,2 мың адамды құрады. Жұмыс істемейтін және білім алумен немесе оқытумен айналыспайтын NEET жастарының үлесі 6,7%-ды құрады.


Ағымдағы жылдың III тоқсанында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша халықты жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеп жүрген адам ретінде 72,3 мың адам жүгінген. Жұмыспен қамту бойынша барлығы 54,9 мың іс-шаралар көрсетілді, 40,9 мың адам кәсіптік оқытуға немесе қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілді, 7 мың адам қоғамдық жұмыстарға қатысты.

¹⁾Осы және бұдан деректер 2021 жылғы Халық санағының қорытындалары бойынша анықталған халық саны есебімен келтірілген.

1-сурет

Жұмыспен қамту деңгейі

пайызбен



[2. Еңбек нарығындағы жағдай](#)

Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу деректері бойынша 2022 жылдың III тоқсанында Қазақстан экономикасының түрлі салаларында 9 млн адам жұмыспен қамтылды, оның ішінде 6,8 млн адам (экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 76,2%) жалдамалы жұмыспен, 2,1 млн адам (экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 23,8%) өзін-өзі жұмыспен қамтыды.

2021 жылдың III тоқсанымен салыстырғанда жалпы жұмыспен қамту 158,7 мың адамға, негізінен жалдамалы жұмыскерлердің (102,3 мың адам) есебінен өсті, сонымен қатар өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны (5,9 мың адам) өсті.

Жұмыспен қамтылғандардың ең көп үлесі сауда (16,8%), ауыл шаруашылығы (12,5%), білім беру (12,7%) және өнеркәсіп (12,4%) салаларында байқалды.


Толық жұмыспен қамтылмағандар (жұмыс көлемінің төмендеуіне, жұмыс берушінің бастамасы бойынша, сырғымалы жұмыс кестесіне және басқа да себептермен аз жұмыс істегендер) саны алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 7,3% өсіп, 274,5 мың адамды құрады.

Негізгі жұмыста орта есеппен бір жұмыспен қамтылған халыққа аптасына нақты жұмыс істеген сағаттары 38 сағатты, бір жалдамалы қызметкерге – 40 сағатты, өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерге – 32 сағатты құрады.

Жұмыссыз, бірақ жұмыс іздемеген немесе жұмысқа кірісуге дайын емес адамдар саны (әлеуетті жұмыс күші) 48,1 мың адамды құрады.

Жұмыс күш құрамына кірмейтін адамдардың үлесі 15 және одан жоғары жастағы халықтың 31,1%-ын құрады.

Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі



Электрондық кестелер

- [Жұмыс күші](#)
- [Жұмыспен қамтылған халық](#)
- [Өзін-өзі жұмыспен қамту](#)
- [Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық кіріс деңгейі бойынша](#)
- [Жұмыс уақыты](#)
- [Жұмыссыз халық](#)
- [Жұмыс күшінің құрамына кірмейтін адамдар](#)

3. Еңбек нарығы көрсеткіштерінің динамикасы

2021 жылғы III тоқсанымен салыстырғанда жұмыссыздық деңгейі (ХЕҰ әдіснамасы бойынша) 4,9% деңгейінде тұрақты болып қалды.


ҚР ЕХӘЖҚМ жұмыспен қамту органдарында ағымдағы жылғы қыркүйек айының соңына 256,9 мың адам жұмыссыздар ретінде ресми тіркелген. Тіркелген жұмыссыздардың үлесі өткен жылдың III тоқсанымен салыстырғанда 0,5 п.т. өсті және жұмыс күшінің санынан 2,8% құрады.

15 пен 28 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2021 жылғы III тоқсанымен салыстырғанда 0,2 п.т. өсті және 3,9%-ды құрады.

2-сурет

Жұмыссыздық деңгейі

пайызбен



1-кесте

Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері

Жұмыс	Жұмыспен	Соның ішінде	Жұмыссыз	Жұмыссызд	Жастар (Жұмыс
-------	----------	--------------	----------	-----------	----------	-------

	күші, адам	қамтылған халық, адам	жалдамалы қызметкерлер	өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер	халық, адам	ық деңгейі, %	15-28 жаста) жұмыссыздығы деңгейі, %	күші құрамына кірмейтін адамдар, адам
2020								
I тоқсан	9 236 463	8 794 054	6 747 145	2 046 909	442 409	4,8	3,8	4 003 320
II тоқсан	9 157 672	8 703 701	6 659 193	2 044 508	453 971	5,0	4,0	4 082 503
III тоқсан	9 167 894	8 713 145	6 652 792	2 060 353	454 749	5,0	3,9	4 078 644
IV тоқсан	9 197 463	8 744 477	6 675 519	2 068 958	452 986	4,9	3,6	4 045 322
2021								
I тоқсан	9 232 393	8 781 122	6 702 718	2 078 404	451 271	4,9	3,7	4 108 763
II тоқсан	9 256 383	8 805 024	6 700 319	2 104 705	451 359	4,9	3,7	4 072 404
III тоқсан	9 263 614	8 812 861	6 684 896	2 127 965	450 753	4,9	3,7	4 063 470
IV тоқсан	9 262 301	8 811 894	6 717 036	2 094 858	450 407	4,9	3,7	4 058 508
2022								
I тоқсан	9 419 497	8 959 601	6 860 875	2 098 726	459 896	4,9	4,0	4 267 930
II тоқсан	9 431 321	8 971 044	6 841 372	2 129 390	460 277	4,9	3,9	4 257 752
III тоқсан	9 430 788	8 971 603	6 837 764	2 133 839	459 185	4,9	3,9	4 260 470

Динамикалық кестелер:

[Айлар бойынша еңбек нарығының негізгі индикаторлары \(бағалау бойынша ақпарат\)](#)

[Еңбек нарығының негізгі индикаторлары](#)

[Жұмыспен қамтылған халық](#)

[Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық \(Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес\)](#)

[Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық \(Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес\)](#)

[Еңбек нарығындағы жастар \(15-34 жас\)](#)

[Қазақстан Республикасындағы лайықты еңбек көрсеткіштері](#)

[Қазақстан Республикасындағы халықты жұмыспен қамту сапасын өлшеу көрсеткіштері](#)

[1998-2009 жылдардағы ҚР МК 03-2007 ЭҚЖЖ жіктеуішіне сәйкес серпінді қатарды қайта есептеу](#)

[Әлем елдері бойынша серпін](#)

4 . Глоссарий

Жұмыс күші – жұмыспен қамтылған және жұмыссыз халық.

Жұмысқа қабілетті жастағы адамдарға 16 -60,5 жастағы әйелдер, 63 жастағы ерлер жатады («Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» және «Қазақстан Республикасы халқын зейнеткерлікпен қамтамасыз ету туралы» Заңына сәйкес).

Жұмыспен қамтылған адам – ақы үшін немесе мүлкігі пайдалану, тауарларды өндіру және сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы кіріс алу жолымен қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

Жұмыспен қамтылған адамдарға мыналар жатады:

1) жалдамалы жұмыскерлер, сондай-ақ ақы төленетін өзге де жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) адамдар;

2) дара кәсіпкерлер;

3) жеке практикамен айналысатын адамдар;

4) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын, жалдамалы жұмыскерлерге жатпайтын жеке тұлғалар;

5) шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары, акционерлері (қатысушылары), сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері болып табылатын жеке тұлғалар;

6) тәуелсіз жұмыскерлер;

7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеріп жүргендер.

Жұмыссыз адам – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға.

Жұмыссыздық деңгейі – жұмыс күші санындағы жұмыссыздар санының процентпен есептелген үлесі.

15-28 жастағы жастар жұмыссыздығының деңгейі – 15-28 жастағы жұмыссыз халық санының осы жастағы жұмыс күші санындағы процентпен өлшенген үлесі.

Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі – бір жыл және одан астам уақыт жұмысы болмаған жұмыссыз халық санының жұмыс күші санындағы процентпен өлшенген үлесі.

Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар – жұмыспен қамтылмаған немесе жұмыссыз болып табылмаған адамдар.

5 . Әдістемелік түсініктемелер

Қазақстан Республикасында 2001 жылдан бастап халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша іріктемелі зерттеуі жүргізіліп келеді. Зерттеумен қорытындыларын халықтың барлық санына таратумен байқаудың іріктеме әдісінің негізінде республиканың барлық өңірлері қамтылады. 15 және одан жоғары жастағы адамдар байқау бірліктері болып табылады.

Ұсынылған көрсеткіштер кеңейтілген желі бойынша үй шаруашылығын (үй шаруашылықтарының жалпы санының 4,3%-ы) іріктемелі зерттеуі қорытындысы негізінде қалыптастырылады, іріктеме жылына бір рет қалыптастырылады. Үй шаруашылықтарының тізімі Қазақстан Республикасы Тұрғын үй қоры тіркелімі негізінде қалыптастырылған. Іріктемені

қалыптастыру әдіснамасы Қазақстанның Ұлттық статистикалық жүйесін нығайту бойынша ҚАЗСТАТ Жобасы шеңберінде Германияның Дестатис статистикалық офисінің сарапшыларымен бірлесе әзірленді.

Халық пікіртерімі үй шаруашылығында әрбір мүшені сипаттайтын сұрақтан тұратын, халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеме зерттеу сауалдамасының көмегімен жүргізіледі. Сауалдама негізінде халық жұмыс күші немесе жұмыссыз және жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар бойынша жіктелетін сұрақтардың логикалық жүйелілік қағидатымен құрылады.

Ұғымдар мен анықтамалар «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес, сондай-ақ Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) стандарттары мен әдістемелік тәсілдеріне негізделген.

6 . Қатысты жарияланымдарға сілтемелер

[Электрондық кестелер: Қазақстандағы жұмыспен қамту](#)

7 . Пайдалы сілтемелер

[Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халық санын анықтау әдістемесі](#)

[Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесі](#)

[Жұмыс уақыты индикаторларын қалыптастыру жөніндегі әдістеме](#)

["Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу сауалнамасы" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың нәтижелері бойынша еңбек көші-қонын көрсететін көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесі](#)

[Халықтың бейресми жұмыспен қамтылу көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме](#)

[Т-001 "Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы" нысаны](#)

[Т-004 "Лайықты еңбек" нысаны](#)

[Еңбек нарығының негізгі индикаторлары, сапа туралы есеп, 2020 ж.](#)

[Еңбек нарығы, "Талдау" ақпараттық-талдау жүйесі](#)

Жауапты шығару: Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті	Департамент директоры : Н.Белоносова Тел. +7 7172 749022	Орындаушы: Г. Бекішева Тел. +7 7172 749504 Электрондық пошта: gul.bekisheva@aspire.gov.kz	Мекен-жайы: 010000 , Астана Мәңгілік ел даңғылы , 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс
--	---	---	--